

Жарсай ауылының көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 тамызда № 3-7-111 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі атауында және бүкіл мәтін бойынша "аульного", " аула" деген сөздер тиісінше "сельского", "села" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 19.12.2014 № 1 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 22.02.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Исатай ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 26 мамырдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Исатай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 22.02.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жарсай ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Абай Құнанбаев көшесі;
- 2) Исатай Тайманов көшесі;

2. Жарсай ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

- 1) Студенческая көшесі – Студенттер көшесі;
- 2) Ленина көшесі – Астана көшесі;
- 3) Восточная көшесі – Шығыс көшесі;
- 4) Приозерная көшесі – Достық көшесі;
- 5) Набережная көшесі – Жағалау көшесі;
- 6) Махамбетская көшесі – Махамбет көшесі;
- 7) Жарсайская көшесі – Жарсай көшесі;

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімінің м.а.

А.Тенилбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК